

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

5B030300 - Құқық қорғау қызметі
мамандығы бойынша

**«КРКАК 2401ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ (жалпы бөлім)»
пәні бойынша**

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кредит көлемі 2

Астана, 2016

Алғы сөз

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жоғары оқу орындарымен әзірленген және ұсынылған

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 78 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген

3. Алғаш енгізілген

4. Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қауылысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 58 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының үлгі оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

Түсіндірме жазба

Мемлекеттің құқықтық жүйесінің, заңнаманың, құқықтық нысандар мен оның қызметтік бағыттарының әртүрлі салаларының дамуы мен құрылуының негізінде саясат тұрады, ол қоғамның, саяси және билік құрылымдары мен оның өкілдерінің өз алдына қоятын әлеуметтік мақсаттарының жетістіктеріне жету бағыттары мен нысандарын, қағидалары, стратегиясын білдіреді. Осындай бағыттардың бірі - қылмыстық құқықбұзушылықтармен күрес саласындағы саясат. Онда мемлекеттің қылмыстылықты бақылауының тапсырмалары, қағидалары, стратегиясы, негізгі бағыттары, нысандары мен әдістерін білдіру түрінде ұсынылған.

Қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес саласындағы саясат мемлекеттің, өкілеттілік билік органдары мен қылмыстық құқық бұзушылықтар мен өзге де құқықбұзушылықтардың алдын-алу бойынша, олардың жасалуын ескерту, уақытылы алдын-алу, қылмыстық құқықбұзушылықтарыды жасаған адамдардың жауаптылығы, сотталғандарға қатысты жазаларды және де өзге де қылмыстық-құқықтық әсер ету шараларын орындау және олардың мақсаттарына жетуге бағыттайды.

Осы тапсырмаларды шешуде маңызды рөл қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын органдар мен мекемелерге беріледі, себебі олардың негізгі мақсаты сотталғандарды түзеу және қайталанба қылмыстардың алдын-алу. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындауды және оларды орындайтын органдар мен мекемелердің қызметін ұйымдастырудың құқықтық аспектісі «Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы» курсына оқытылады.

Осыған орай, қылмыстық-атқару құқығы теориясының негізгі ережелері және қылмыстық жазаларды орындау мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын жүзеге асыратын мекемелер қызметінің құқықтық аспектілері «Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы» курсының Жалпы бөлімін оқу кезінде қарастырады. Қылмыстық-атқару құқығының жалпы бөлімінің ережелерін оқу қылмыстық-атқару заңнамасының әлеуметтік-саяси мағынасы мен заңды мазмұнын ашуды, оларды ғылыми анализдеу әдістерін игеруді көздейді. Курсанттардың қылмыстық-атқару құқығының жалпы бөлімін оқуы олардың құқықтық жүйенің даму тенденциясы мен мазмұны туралы, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгеруін жүзеге асырудағы құқықтың рөлі, қылмыстылықпен қылмыстық-құқықтық күрестің жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларының жалпы шегіндегі мүмкіндіктері мен шектері туралы білімді бекітуді, кеңейтуді және тереңдетуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы» курсының Жалпы бөлімін оқудың мақсатына, қылмыстық жазаларды және де қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын реттейтін органдар мен мекемелердің өздеріне жүктелген тапсырмаларды тиімді орындауына қажетті

курсанттардың терең теориялық білімін құрастыру және осы негізде нақты қабілеттер мен қасиеттерді қалыптастыру болып табылады.

«Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы» курсы Жалпы бөлігінің негізгі тапсырмаларына қылмыстық-атқару құқығы ғылымының қағидалары, санаттары мен ережелері, қылмыстық жазаларды орындау мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын жүзеге асыру үрдісінде болып жатқан қоғамдық-саяси құбылыстар, қазіргі кездегі қылмыстық-атқару заңнамасында дұрыс бағыт ұстауға үйрету, қылмыстық-атқару құқығы нормаларын дұрыс талқылау мен қолдану қабілетін дамыту жатады. Басымды бағыттарға курсанттардың заңға деген сыйлы көз-қарасын, сотталғандармен қарым-қатынаста ізгілік және әділеттілік сезімін тәрбиелеу жатады.

«Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы» курсы жалпы бөлігін оқу үрдісінде курсанттар мына сұрақтарды игерулері қажет:

- қылмыстық-атқару саясатының негізгі ережелері, қылмыстық-атқару заңнамасының әлеуметтік және заңды бағыттарын;

- қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларының мазмұны мен тәрбиелік мүмкіндіктерін;

- Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаты, міндеттері мен қағидаларын;

- Қазақстандағы қылмыстық-атқару құқығының құрылуы мен дамуының негізгі сатыларын;

- қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындау үрдісін реттейтін заңнамалар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жүйесін;

- қылмыстық-атқару құқыққатынастарының мазмұны;

- сотталғандардың құқықтық жағдайы;

- сотталғандарға түзетудің негізгі құралдарын пайдалануды құқықтық реттеу;

- қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын органдар мен мекемелер жүйесін;

- қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметкерлері қызметінің құқықтық негіздері;

- қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын органдар мен мекемелер қызметін бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нысандары мен әдістері.

Оқу материалдарын зерделеу үрдісінде, курсанттар, құқық-қолданушылық тәжірибені, қылмыстық жазаларды орындау кезінде заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, сотталғандарға түзету әсері бар шараларды қолдану қабілеттері мен қасиеттерін игерулері керек.

«Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы» курсының жалпы бөлігін меңгеру кезіндегі қиындықтарға нормативтік базаның кең көлемін атап өтуге болады. Атап айтқанда, курсант, қылмыстық-атқару заңнамасының негізі болып табылатын, қылмыстық заңнама түсінігі мен ережелерін еркін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар, қылмыстық жазалар

мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын органдар мен мекемелердің қызметін реттейтін ведомстволық нормативтік актілердің айтарлықтай бөлігін оқулары қажет.

«Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы» курсының жалпы бөлігін оқу әрбір жоғары оқу орнының өзіне тән ерекшелігін ескере отырып, егжей-тегжейлі ойластырылған дәрістер курстарына, семинар және тәжірибе сабақтарын өткізудің айтарлықтай қажетті нысанын қолданумен: дөңгелек үстелдер, оқу тренингтер, топтық жаттығулар, іскер ойындар және т.б. негізделуі керек. Қылмыстық-атқару заңнамасы нормаларын қолдану қабілеттері мен қасиеттерін қалыптастыруға әсер ететін студенттерді тәжірибелік оқытудың тиімді нысандары ретінде кафедрааралық кешенді оқытуларды, қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын органдар мен мекемелерге бару түрінде өткізуге болады.

Курсанттардың өзіндік жұмысы жеке қабілеттерін ескеріп және сараланған нысандар мен әдістерді пайдалана отырып құрылуы тиіс: жеке бақылау жұмыстары, өзекті мәселелерді рефераттық шолу, қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын мекемелер мен органдар қызметінің тәжірибесін жалпыландыру.

«Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару» курсының Жалпы бөлігі тақырыптарының мазмұны осы бағдарламамен анықталады, оны әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы, жаңа қылмыстық, қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару заңнамасының, адам құқықтары туралы және сотталғандармен қарым-қатынастың халықаралық актілері, қылмыстық-атқару ғылымының мәселелерімен айналысатын отандық және шетелдік ғалым - заңгерлердің ғылыми зерттеулерінің нәтижелеріне, қазіргі кездегі қылмыстық және қылмыстық-атқару құқығының даму тенденциялары мен бағыттары туралы ережелер басшылыққа алынған.

Осы типтік оқу бағдарламасының негізінде, 5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша жоғары білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде, жоғары оқу орындары, оқу процесін бақылау мен ұйымдастыруда қолданылатын нысандар мен әдістерге, оқытудың таңдап алынған технологияларына, оқу сабақтарын, оқытудың өзіндік жұмыстарын өткізудің таңдап алынған әдістеріне байланысты жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

Пәннің мазмұны

Кіріспе

«Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығының жалпы бөлімі» курсының мазмұны оқу пәні ретінде осы типтік оқу бағдарламасында қазіргі қылмыстық-атқару заңнамасының жүйесін ескере отырып және қылмыстық-атқару құқығы ғылымының ережелерімен тығыз байланысты және қоғамның қазіргі даму сатысындағы қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын органдар мен мекемелердің алдында тұрған өзекті тапсырмаларды ескере отырып жасалған.

Осы оқу пәнін жүргізу тәжірибесіне және Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодесінің Жалпы және Ерекше бөліктеріне бөлінуін ескере отырып, «Қылмыстық-атқару құқығы» курсының мазмұны Жалпы және Ерекше бөлімдерге бөлінеді.

Курстың Жалпы бөлімінде қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларының барлық түрлерін атқарумен байланысты теориялық ережелер қарастырылады. Курстың Жалпы бөліміне енгізілген сұрақтарды зерттеу барысында курсанттар: Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару саясатының негізгі ережелері мен түсінігін, қылмыстық-атқару құқығының пәнін, әдістері мен қағидаларын, функцияларын; қылмыстық-атқару заңнамасының мазмұнын; сотталғандардың құқықтық жағдайын; қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын атқаратын мекемелер мен органдардың жүйесін, сонымен қатар олардың қызметіне жүргізілетін бақылаудың негізгі түрлерін меңгеріп алулары қажет.

Әр тақырып оның мазмұнын ашатын, көлемін анықтайтын сұрақтардан тұрады және қылмыстық-атқару құқығының жүйесіндегі институттарда қарастырылатын орны туралы жалпы мағлұматтардан тұрады. Бағдарлама сонымен қатар, оқуға арналған нормативтік құқықтық актілер мен арнайы әдебиеттерден тұрады.

Тақырыптық жоспар

Тақырып 1. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару саясатының негізгі ережелері

Тақырып 2. Қылмыстық-атқару құқығының түсінігі

Тақырып 3. Қылмыстық-атқару құқығының қағидалары мен қызметі

Тақырып 4. Қылмыстық-атқару құқығының және заңнамасының даму тарихы

Тақырып 5. Қылмыстық-атқару құқығының құрылымы мен Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының жүйесі.

Тақырып 6. Қылмыстық-атқару құқық қатынастары

Тақырып 7. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын атқаруды, түзеу шараларын қолдануды құқықтық реттеу

Тақырып 8. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын өткеріп жатқан тұлғалардың құқықтық жағдайы

Тақырып 9. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын орындайтын органдар мен мекемелер жүйесі және олардың қызметкерлері

Тақырып 10. Қылмыстық жазаны және басқа да қылмыстық құқықтық әсер ету шараларын орындаушы мекеме және органдар қызметіне бақылау және қадағалау

Тақырып 11. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

Негізгі бөлім

Тақырып 1. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару саясатының негізгі ережелері

Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын орындау саласындағы мемлекет саясаты және оның қылмыстылықпен күресуге бағытталған шаралар жүйесінде алатын орны. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару саясатының түсінігі және мақсаттары, оның негізгі қағидалары, білдіру нысандары мен әдістері, бекіту және жүзеге асыру. Қылмыстық-атқару саясатының дамуын анықтайтын факторлар түсінігі және жүйесі.

Қылмыстық-атқару саясаты қағидаларының қылмыстық саясат қағидаларының бірлігі мен арақатынасы. Қылмыстық жаза түсінігі мен белгілері. Жазалау қылмыстық жазаның маңызы ретінде. Қазақстан Республикасында қолданылатын қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларының түсінігі және белгілері.

Тақырып 2. Қылмыстық-атқару құқығының түсінігі

Қылмыстық-атқару құқығының түсінігі және пәні, әдістемесі. Еңбекпен-түзеу кодексінің қылмыстық-атқару құқығына трансформациялануы. Қылмыстық-атқару құқығының Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі алатын орны.

Қылмыстық-атқару құқығы ғылымының түсінігі, пәні және міндеттері. Қылмыстық-атқару құқығы ғылымының әдістемелік негіздері мен теоретикалық базасы. Пенология мен пенитенциарлық ғылым және оның құқықтану жүйесіндегі алатын орны. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын орындау саласында туындайтын әлеуметтік-саяси, құқықтық, экономикалық мәселелерді шешудегі қылмыстық-атқару құқығы ғылымының ролі және Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесін дамытуды болжамдау.

Қылмыстық-атқару құқығының басқа құқық салаларымен және құқықтық емес ғылымдармен өзара байланысы.

Тақырып 3. Қылмыстық-атқару құқығының қағидалары мен қызметі

Қылмыстық-атқару құқығының қағидалары қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын орындау саласындағы объективті және субъективті категориялары ретінде. Қылмыстық-атқару құқығы қағидаларының жазаларды өтеу мен орындау тәртібі мен жағдайларын құқықтық реттеу үшін маңызы.

Қылмыстық-атқару құқығы қағидалары мен қылмыстық және қылмыстық-атқару саясаты қағидаларының байланысы мен бірлігі. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын атқаруға қылмыстық-атқару құқығы қағидаларының мәні.

Қылмыстық-атқару құқығы қағидаларының жүйесі, мазмұны. Қылмыстық-атқару құқығы қағидаларын бекітудің құқықтық түрлері.

Қылмыстық-атқару құқығының түсінігі және қызметі түрлері. Қылмыстық-атқару құқығы қызметін жүзеге асыру механизмі.

Тақырып 4. Қылмыстық-атқару құқығының және заңнамасының даму тарихы

Қазақтардың әдет-ғұрып құқығы бойынша қылмыстық жазаларды пайдалану және орындауды құқықтық реттеудің негізгі белгілері (XVII-XIX ғғ.).

Қазақстанның Ресей Империясының құрамында болу кезеңіндегі Қазақстан территориясында қолданылған пенитенциарлық заңнама.

Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның қылмыстық-атқару заңнамасы және құқығы. 1917-1928 жылдардағы жазаларды орындауды реттейтін заңнаманың құрылуы мен дамуы. Бірінші бесжылдық және соғыс алдындағы жылдары (1929-1940 жж.) және Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдардағы қылмыстық жазаларды қолдану мен орындауды құқықтық реттеу ерекшеліктері. Қылмыстық жазаларды орындауды ведомстволық реттеуден заңнамалық реттеуге көшу (1954-1970 жж.).

1970-1997 жылдардағы Қазақстанның еңбекпен түзеу құқығы және заңнама кодификациясы. 1969 жылғы КСРО еңбекпен-түзеу кодексінің, 1971 жылғы Қазақ ССР еңбекпен түзеу кодексінің және 1983 жылғы сотталғандарға еңбекпен-түзеу әрекеті шараларымен байланысты емес қылмыстық жазаларды орындау тәртібі мен жағдайлары туралы Ереже негіздері. 1997-2014 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасы.

Тақырып 5. Қылмыстық-атқару құқығының құрылымы мен Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының жүйесі

Қылмыстық атқару құқығының заңнамасы жүйесінің түсінігі мен оның құрылымы. Қылмыстық-атқару құқығының нормалары мен институттарын классификациялау критерийлері. Қылмыстық-атқару құқығы – құқықтың материалдық-процессуалдық саласы.

Қылмыстық-атқару құқығы нормалары: түсінігі, оның әлеуметтік, нормативтік, психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық мазмұны. Қылмыстық-атқару құқығы нормаларының құрылымы мен өзіне тән ерекшелігі. Қылмыстық-атқару құқығы нормаларының түрлері. Қылмыстық-атқару құқығы нормалары мен нормативтік-құқықтық актілер баптарының арақатынасы. Қылмыстық-атқару құқығы нормаларының уақыт аралығында, кеңістікте және адамдар арасында қолданылуы. Қылмыстық-атқару құқығы нормаларын жүзеге асыру мен талқылау.

Қылмыстық-атқару құқығы заңнамасының түсінігі, оның мақсаттары мен міндеттері, мазмұны. Қылмыстық атқару құқығының қайнар көзі ретіндегі нормативтік заң актілері және олардың түрлері. Қазақстан

Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының халықаралық құқықтық актілермен арақатынасы.

Заң қылмыстық атқару құқығының негізгі нысаны. Қылмыстық-атқару құқығының кодификациясы. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын атқаруды құқықтық реттеу үшін маңызы және құрылымы.

Заңға тәуелді нормативтік актілер қылмыстық-атқару құқығының қайнар көзі ретінде және оның түрлері. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын атқаратын мемлекеттік органдар құзыреттілігі. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын атқаруды реттейтін ведомстволық нормативтік актілер, және олардың түрлері.

Тақырып 6. Қылмыстық-атқару құқық қатынастары

Қылмыстық-атқару құқық қатынастарының түсінігі, ерекшелігі мен құрамы. Қылмыстық-атқару құқық қатынастарының субъектілері мен басқа да қатысушылары. Қылмыстық-атқару құқық қатынастарының объектілері, және оның жалпы сипаты. Қылмыстық-атқару құқық қатынастарының мазмұны (қылмыстық-атқару құқық қатынастарының субъективтік құқығы мен субъектілердің заңды міндеттері).

Қылмыстық-атқару құқық қатынастарын туындататын, өзгертетін және тоқтататын заңды фактілер, оның түрлері.

Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын атқару барысында туындайтын қылмыстық-атқару құқық қатынастарының түрлері.

Тақырып 7. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын атқаруды, түзеу шараларын қолдануды құқықтық реттеу

Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын атқару және өткеру түсінігі, оның негізгі белгілері мен мазмұны. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын атқару (өткеру) негіздемесі.

Сотталғандарды түзеу қылмыстық-атқару заңнамасының негізгі мақсаттарының бірі ретінде. Сотталғандарға қатысты түзету әрекеттерін қолдану үрдісімен мазмұны және түсінігі. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын орындау үрдісіндегі тәрбиелік жазалау шарасы.

Түзеу шараларын құрайтын сотталғандарды түзетудің негізгі құралдар жүйесі. Сотталғандарға қатысты негізгі түзеу құралдарының құқықтық реттелуімен оның көлемі. Сотталғандарға қатысты түзеу шараларын қолданудың негізгі әдістері.

Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын атқарудың дифференциясы және сотталғандарға түзеу шараларын қолдануды жекелендіру: түсінігі, белгілері және мазмұны.

Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын атқаруды жекешелендіру.

Тақырып 8. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын өткеріп жатқан тұлғалардың құқықтық жағдайы

Тұлғаның құқықтық жағдайының түсінігі және мазмұны. Жалпы, арнайы және жеке дәрежесі.

Жазасын өтеуші тұлғалардың құқықтық жағдайының мазмұны сотталғандардың міндеттері мен құқықтары, заңды көзқарастарының әлеуметтік құқықтық негіздемесі және оның түсінігі. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын өткеретін тұлғалардың құқықтық жағдайының бекітілуі. Сотталғандардың азаматтығы мен жалпы азаматтық құқықтарының сақталуы.

Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын өтеп жатқан тұлғалардың құқықтық жағдайының мазмұны. Сотталғандардың негізгі құқықтары мен міндеттері және олардың сипаттамасы. Сотталғандардың міндеттерін орындаудағы құқықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілдігі.

Сотталғандардың қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын өтеу кезіндегі жауапкершілік түрлері.

Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын өткерудің құқықтық салдары.

Тақырып 9. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын орындайтын органдар мен мекемелер жүйесі және олардың қызметкерлері

Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын орындайтын органдар жүйесі: түсінігі және әлеуметтік маңызы. Қылмыстық жазаларды атқарушы органдар мен мекемелердің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын факторлар. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын орындайтын органдар мен мекемелер түрлері және олардың алдына қойылған міндеттері.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару жүйесі: түсінігі, міндеттері, құрылымы және қызметтік негіздері. Пробация мен пробациялық бақылау қылмыстық-атқару жүйесі функцияларының бірі ретінде.

Қылмыстық жазаны орындаушы мекеме және органдар қызметі мен ұйымдастыру қағидалары және басқа да қылмыстық құқықтық әсер ету шаралары.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының персоналы: түсінігі және оған қойылатын негізгі талаптар. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдары персоналының құқықтық жағдайы (құқықтық мәртебесі). Қылмыстық жазаны және басқа да қылмыстық құқықтық әсер ету шараларын орындау бойынша қызметін атқару уақытындағы персонал өкілдеріне берілген құқықтар мен міндеттер (өкілдік).

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдары персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік-құқықтық қорғау. Қылмыстық-атқару жүйесі персоналымен қауіпсіздік шаралары және қаруды қолдану негіздері және тәртібі.

Тақырып 10. Қылмыстық жазаны және басқа да қылмыстық құқықтық әсер ету шараларын орындаушы мекеме және органдар қызметін бақылау және қадағалау

Қылмыстық жазаны және басқа да қылмыстық құқықтық әсер ету шараларын орындаушы мекеме және органдар қызметін бақылауды тағайындаудың түсінігі мен әлеуметтік-құқықтық маңызы. Қылмыстық жазаны және басқа да қылмыстық құқықтық әсер ету шараларын орындаушы мекеме және органдар қызметіне қойылатын бақылаудың түрлері: халықаралық, соттық, ведомстволық, мемлекеттік.

Қылмыстық-атқару саласындағы прокурорлық қадағалау.

Қылмыстық жазаны және басқа да қылмыстық құқықтық әсер ету шараларын орындаушы мекеме және органдар қызметіне қоғамның қатысуы. Қоғамдық байқау комиссиялары: құрылу тәртібі және өкілеттігі. Қылмыстық-атқару жүйесіндегі ұлттық алдын алу тетігі: түсінігі, мақсаты, тапсырмалары, жүзеге асырылу нысаны.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне келу тәртібі.

Тақырып 11. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және мемлекеттік және құқық қорғау қызметінің сұрақтарын реттеуші заңнамасының қазіргі жағдайының жалпы сипаттамасы. ҚР қазіргі таңдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі түсіндірмелі аппаратын талдау.

Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелеріндегі қызметкерлердің жемқорлықтық құқық бұзушылықты детерминациялайтын факторлардың спецификасы. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелеріндегі қызметкерлердің жемқорлықтық құқық бұзушылықтың құрылымы мен динамикасын талдау.

Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелеріндегі қызметкерлердің жемқорлықтық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауаптылық. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелеріндегі қызметкерлердің жемқорлықтық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылығы бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік және қылмыстық заңнамасының нормаларын талдау. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелеріндегі қызметкерлердің жемқорлықтық құқық бұзушылықты ескерту нысаны, әдістері, деңгейі мен субъектілері.

Тәжірибелік (семинар) және лабораториялық сабақтар (лабораториялық практикумның) тақырыптарының болжамды тізбесі

1. Қылмыстық- атқару құқығының түсінігі.
2. Қылмыстық-атқару құқығының құрылымы және Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының жүйесі.
3. Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындауды және түзету әсері шараларын қолдануды құқықтық реттеу.
4. Қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын өтеп жатқан тұлғалардың құқықтық жағдайы.
5. Қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын органдар мен мекемелердің жүйесі.
6. Қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын органдар мен мекемелердің қызметін бақылау мен қадағалау.

Жазбаша ғылыми жұмыстары тақырыптарының(курстық жұмыстар, рефераттар, эсселер және т.б.)болжамды тізбесі

1. Қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге шараларын орындау, сотталғандарды түзеу және оларды ресоциализациялау мемлекеттің қызметі ретінде.
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару саясаты және қазіргі кездегі қылмыстық құқықбұзушылықтармен күрестегі рөлі.
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы, құқықтың жеке саласы ретінде және оның даму келешегі.
4. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы мен құқығының даму тарихы.
5. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығының қағидалары және оны қазіргі уақытта жүзеге асыру мәселелері.
6. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару құқығының қызметі және оны жүзеге асыру механизмі.
7. Қылмыстық-атқару құқығы ғылымының түсінігі және оны дамытудың тенденциялары.
8. Қылмыстық-атқару механизмін реттеу: нормалар - құқыққатынастар-жауаптылық.
9. Қылмыстық-атқару құқығының нормалары және қазіргі уақытта жүзеге асыру мәселелері.
10. Қылмыстық-атқару құқығының қайнар-көздері және қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру жолдары.
11. Қылмыстық-атқару құқыққатынастарының түсінігі және құрылымы.
12. Сотталғандарды түзеу оның негізгі құралдары.
13. Сотталғандарға тәрбиелік әсер етудің негізгі құралдарын қолдануды құқықтық реттеу.

14. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындау кезіндегі жазалау-тәрбиелеу үрдісі.
15. Қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын өтеп жатқан тұлғалардың құқықтық жағдайы: түсінігі, әлеуметтік-құқықтық бағыты, мазмұны.
16. Қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын өтеп жатқан тұлғалардың құқықтық жағдайын заңнамада бекіту.
17. Сотталғандардың негізгі құқықтары мен міндеттері және олардың сипаттамасы.
18. Сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асырудың және олардың міндеттерін орындауының құқықтық кепілдіктері.
19. Жазаларды және қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын өтеу кезіндегі сотталғандардың жауаптылығы: түсінігі, негіздері, түрлері.
20. Қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын органдар мен мекемелер жүйесі және оны жетілдіру жолдары.
21. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі: түсінігі, тапсырмалары, құрылымы мен негізгі қызметі.
22. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі қызметіндегі заңдылық қағидасын жүзеге асыру мәселелері.
23. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметкерлері: түсінігі, оларға қойылатын негізгі талаптар, құқықтық жағдайы.
24. Қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын органдар мен мекемелердің қызметін бақылау: түсінігі, әлеуметтік-құқықтық бағыты, қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын органдар мен мекемелердің қызметін бақылау түрлері: халықаралық, соттық, ведомстволық, мемлекеттік.
25. Қылмыстық жазалар мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын орындайтын органдар мен мекемелердің қызметіне қоғамның қатысуының құқықтық институты.
26. Қылмыстық-атқару жүйесіндегі ұлттық алдын-алу тетігі: түсінігі, мақсаттары, тапсырмалары, жүзеге асыру нысандары.
27. Қылмыстық-атқару саласындағы прокурорлық қадағалау.
28. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылық: жалпы сипаттамасы және құрылымы.
29. Қылмыстық-атқару жүйесінің жемқор тұлғасы: негізгі криминологиялық сипаттамасы.
30. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылық нысаны және әдістері.

Сабақтардың өзге түрлері

Семинар-пікір талас
Семинар конференция
Дөңгелек үстел
Рефераттар мен баяндамалар даярлау
Коллоквиумдар
Оқу тренингтері

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда қабылданған 30 тамыз 1995 жыл.
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі 2014 ж. (жаңа басылым)
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексі 2014 ж. (жаңа басылым)
4. Қазақстан Республикасының қылмыстық- іс жүргізу кодексі 2014 ж. (жаңа басылым).
5. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы: Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңы.
6. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіні ратификациялау туралы: Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы Заңы.
7. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіні қосымша хаттамасын ратификациялау туралы: Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 ақпандағы Заңы.
8. Экономикалық, әлеуметтік және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы: Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы Заңы.
